

2012 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Мендіқара ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 109 қаулысы. Қостанай облысы Мендіқара ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 сәуірде № 9-15-170 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Мендіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2012 жылға халықтың нысаналы топтарының тізбесі анықталсын:
 - 1) та бы сы аз адамдар ;
 - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
 - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
 - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата - ана л а р ;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар а з а м а т т а р ;
 - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;
 - 7) мүгедектер ;
 - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар ;
 - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н адамдар ;
 - 10) о р а л м а н д а р ;
 - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер ;
 - 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші- жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар ;
 - 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар ;
 - 14) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін азаматтар (он екі айдан көп) ;
 - 15) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдарын бітірушілер ;
 - 16) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіптік оқуды бітірген жұмыссыздар ;

17) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

18) елу жастан асқан жұмыссыз азаматтар.

2. "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қарастырсын.

3. "2012 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № 39 қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.К. Киікбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М е ң д і қ а р а

ауданының әкімі

Н. Денинг

КЕЛІСІЛДІ:

"Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

С. Плотникова